

**Кәсіподақ мүшелеріне, кәсіподақ белсенділеріне сыйлықақылар, бағалы сыйлықтар, кәсіподақ ұйымдарымен өткізілетін кәсіподақ байқауларының, фестивальдерінің, жарыстарының, спартакиадаларының және басқа да іс-шараларының жеңімпаздарына, қатысушылары мен жүлдегерлеріне біржолғы төлемдерді төлеу бойынша  
ҮЛГІЛІК ЕРЕЖЕ**

1.1. Кәсіподақ мүшелеріне, кәсіподақ белсенділеріне сыйлықақылар, бағалы сыйлықтар, кәсіподақ ұйымдарымен өткізілетін кәсіподақ байқауларының, фестивальдерінің, жарыстарының, спартакиадаларының және басқа да іс-шараларының жеңімпаздарына, қатысушылары мен жүлдегерлеріне біржолғы төлемдерді төлеу бойынша осы Үлгілік ереже (әрі қарай – Ереже) Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңына, «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің (әрі қарай – Кәсіподақ) Жарғысына сәйкес әзірленген және кәсіподақ мүшелері мен кәсіподақ белсенділеріне сыйлықақылар, бағалы сыйлықтар, кәсіподақ ұйымдарымен өткізілетін кәсіподақ байқауларының, фестивальдерінің, жарыстарының, спартакиадаларының және басқа да іс-шараларының жеңімпаздарына, қатысушылары мен жүлдегерлеріне біржолғы төлемдерді төлеу бойынша негіз құраушы қағидаттары мен тәртібін анықтайды.

1.2. Ереже кәсіподақ мүшелерінің, кәсіподақ белсенділерінің кәсіподақтың іс-шараларына қатысуларының белсенділігін материалдық ынталандыру мақсатында, материалдық ынталандыруды қолданудың бірыңғай негіздерін, шарттары мен тәртібін қалыптастыру үшін енгізіледі.

1.3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары осы Ереженің негізінде кәсіподақ мүшелеріне, кәсіподақ белсенділеріне сыйлықақылар, бағалы сыйлықтар, кәсіподақ ұйымдарымен өткізілетін кәсіподақ байқауларының, фестивальдерінің, жарыстарының, спартакиадаларының және басқа да іс-шараларының жеңімпаздарына, қатысушылары мен жүлдегерлеріне біржолғы төлемдерді төлеу шарттары мен тәртіптерін белгілеуге құқылы.

1.4. Кәсіподақ мүшелеріне, кәсіподақ белсенділеріне берілетін сыйлықақыларға, бағалы сыйлықтарға, кәсіподақ ұйымдарымен өткізілетін кәсіподақ байқауларының, фестивальдерінің, жарыстарының, спартакиадаларының және басқа да іс-шараларының жеңімпаздарына,

қатысушылары мен жүлдегерлеріне біржолғы төлем төлеуге салық салу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 321-бабының 5), 10)-тармақшалары негізінде жеке тұлғаның жылдық кірісіне мынадай кірістерінің барлық түрлері кіреді, оның ішінде:

- өтеусіз алынған мүлік, оның ішінде жұмыстарды, көрсетілетін қызметтер түріндегі кіріс;

- дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі кірістер.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 350-бабының 1-тармағы негізінде жеке табыс салығын есептеуді, ұстап қалуды және бюджетке төлеуді төлем көзінен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 320-бабына сәйкес салық төлеушінің кірістеріне 10 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салынады.

## **2. Кәсіподақ мүшелеріне, кәсіподақ белсенділеріне сыйлықақылар төлеу, бағалы сыйлықпен марапаттаудың негіздері мен тәртіптері**

2.1. Сыйлықақы беру, бағалы сыйлықтармен марапаттау «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің Жарғысының 5.2.-тармағына сәйкес кәсіподақ мүшелерін ынталандыру шарасы болып табылады.

2.2. Кәсіподақ мүшелерін, кәсіподақ белсенділерін кәсіподақ ұйымдарының имиджін көтеруге, Кәсіподақ пен мүшелік ұйымдар Жарғыларының талаптарын мүлтіксіз орындауға бағытталған белсенді әрекеттері үшін:

- сыйлықақымен;

- бағалы сыйлықпен атап өтуге болады.

2.3. Кәсіподақ мүшелерінің кәсіподақ жарнасы сыйлықақы беру, бағалы сыйлықпен марапаттау көзі болып табылады.

2.4. Материалдық көтермелеуге арналған шығыстар (сыйлықақы, бағалы сыйлық) кәсіподақ ұйымының кірістер және шығыстар сметасындағы «2.6. Кәсіподақ белсенділеріне сыйақы беру» бабында қаралған сома шегінде жүргізіледі.

2.5. Кәсіподақ мүшелеріне біржолғы сыйлықақы келесі жағдайларға байланысты бір рет беріледі:

- біржолғы тапсырма нәтижелері мен олардың жоғары сапада орындалғаны;

- кәсіподақ органымен жүктелген міндеттерді еңбекақы төлемінсіз жүйелі түрде орындағаны: бастауыш кәсіподақ ұйымының (кәсіподақ тобының) басшылығы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық

инспектордың, штаттан тыс құқықтық еңбек инспекторының міндеттерін орындауы және т.б.;

- кәсіподақтағы мүшелігінің көпжылдық өтіліне;
- мерей жасқа толғаны (50, 60, 70 және одан жоғары);
- кәсіби және мерекелік күндер үшін беріледі.

2.6. Материалдық көтермелеуді беру және мен оның көлемі туралы тиісті шешім кәсіподақ органымен қаулы нысанында қабылданады.

2.7. Марапаттау туралы қаулы отырыста, жиналыста, конференцияда, пленумда, съезде салтанатты жағдайда жарияланады. Осы жерде бағалы сыйлықтар да тапсырылады.

2.8. Нақты тұлғаға сыйлықақыны (ақшалай қаражатты) төлеу Кәсіподақта қассалық операцияларды жүргізу тәртібіне сәйкес төлем құжаттары бойынша сыйлықақыны алушының банк картасының шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүзеге асырылады.

2.9. Сыйлықақымен, бағалы сыйлықпен марапаттау күнтізбелік жыл ішінде бір реттен артық емес жүргізіледі.

### **3. Кәсіподақ ұйымдарымен өткізілетін кәсіподақ байқауларының, фестивальдерінің, жарыстарының, спартакиадаларының және басқа да іс-шараларының жеңімпаздарына, қатысушылары мен жүлдегерлеріне біржолғы төлемдерді төлеудің негіздері мен тәртіптері**

3.1. Кәсіподақ ұйымдарымен өткізілетін кәсіподақ байқауларының, фестивальдерінің, жарыстарының, спартакиадаларының және басқа да іс-шараларының жеңімпаздарына, қатысушылары мен жүлдегерлеріне біржолғы төлемдерді төлеудің негіздері мен мөлшерлері уәкілетті кәсіподақ органымен бекітілген іс-шараны туралы ережеде белгіленеді.

3.2. Марапатталғандардың дербес құрамы туралы шешімді іс-шараны өткізу туралы ережемен қарастырылған арнайы құрылған орган (жюри, қазылар алқасы және т.б.) қабылдайды.

3.3. Іс-шараны өткізуге арналған шығыстар сметасы, оның ішінде біржолғы төлемдерді төлеуге арналған қаражат сомасы кәсіподақ ұйымымен бекітілген кірістер және шығыстар сметасының «2.1. Мәдени іс-шаралар» және «2.2. Спорттық іс-шаралар» баптарында қарастырылған сомалар шегінде уәкілетті кәсіподақ органының қаулысымен бекітіледі.

3.4. Біржолғы төлемдер жеңімпаздар мен жүлдегерлердің банк картасының шотына қаражатты аудару арқылы жүзеге асырылады.

3.5. Сыйақыларға бөлінген қаражаттың пайдаланылуын және жұмсалуды бақылау Кәсіподақтың жоғары тұрған органдарымен және тиісті кәсіподақ ұйымдарының бақылау-тексеру комиссиясымен жүзеге асырады.